

**Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар  
№7 ЖББОМ – де өткізілген «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы  
туралы мәлімет**

**2024-2025 оқу жылы**

Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ –де 2024 жылдың 01 тамыз бен 20 қыркүйек айлары аралығында жалпы республикалық дәстүрлі «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Акцияның мақсаты – әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балаларын, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды жаңа оқу жылында киім-кешекпен, оқу-құралдармен қамтамасыз ету және мектепке келе алмай отырған балаларды анықтап, олардың біліммен қамтылмай қалмауларының алдын-алу. Осыған орай, мектебімізге қарасты мөлтек аудандарды аралау барысында мектепке келе алмай, біліммен қамтылмай отырған балалардың жоқ екені анықталды.

Мұғалжар аудандық білім бөлімінің 2024 жылдың 01 тамызындағы бұйрығы негізінде мектепшілік бұйрық шығарылды. Жоспар құрылып, сол жоспар бойынша мекемелерге қызметтік хаттар таратылып, қайырымдылық акцияға демеушілерді тарту жұмыстары жүргізілді. Сынып жетекшілермен бірлесе отырып, көмекке мұқтаж отбасы балаларының тізімі құрылды. 30 шақты баланың ата-анасынан өтініш түсті. Сол өтініштер негізінде балаларға төмендегідей көмектер көрсетілді.

Ардагерлер кеңесінің мүшелері 2 оқушыға көлемі 30 000тг болатын мектеп сөмкесі мен оқу-құралдарын табыстады. Қамқоршылық кеңестің төрайымы мен мүшелері көп балалы 1 отбасының 3 баласына көлемі 15 000 тг болатын мектеп сөмкесі мен оқу-құралдар табыстады. Жеке кәсіпкер К.Базарбаева 5 баланы көлемі 50 000тг болатын мектеп сөмкесі мен оқу-құралдармен қамтамасыз етті. Мектеп мұғалімі Г.Р.Есенова 1 баланы көлемі 11 000тг болатын мектеп сөмкесі мен оқу-құралдармен қамтамасыз етті. Ембі қалалық әкімшілігі 10 баланы көлемі 150 000 тг болатын мектеп сөмкесі мен оқу-құралдармен қамтамасыз етті. Көп балалы әрі аз қамтылған отбасының 1 баласын «Береке» киім дүкенінің қожайыны, тәрбиеші А.Қ.Қоразбекова және ата-аналары көлемі 33 000тг болатын мектепке қажетті киімдермен (ақ рубашка, жакет, шалбар, туфли, трико, спорттық аяқ киім, футболка) қамтамасыз етті. Аудандық білім бөлімінен 4 оқушыға көлемі 60 000тг болатын мектеп сөмкесі мен оқу-құралдар келді. Жалпы 26 балаға көлемі – 349 000 тг қайырымдылық көмек көрсетілді.







Мектеп директоры  А.Ж.Достанова

Әлеуметтік педагог  
Ж.З.Куанышева